
 <p>BOLASHAQ ACADEMY</p> <p>«Bolashaq» Академиясы</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат</p>	<p>СМЖ СҚС-2021 Нұсқа 01 1 беттен 13 беті</p>
--	---	---



**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**


---

**САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ**

**СМЖ СҚСС-2021**

**Қарағанды 2021**



 <p>BOLASHAQ ACADEMY</p> <p>«Bolashaq» Академиясы</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат</p>	<p>СМЖ СҚсС-2021 Нұсқа 01 2 беттен 13 беті</p>
---	---	--

**1 ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІГЕН:** Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Басшы: Академиялық мәселелер жөніндегі проректор – Бекжанова С. Б.

**2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** «Bolashaq» академиясының Ғылыми кеңесі, хаттама № 2 29.09.2021 ж.

### **3 ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР:**

Стратегиялық даму жөніндегі проректор-Рысмағамбетова Г.М.  
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор-Бекжанова С. Б.  
Заң пәндері кафедрасының доценті-Жукобаев А. А.  
Оқу-әдістемелік кеңестің хатшысы-Таликова Г. Т.



## САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат (Policy in the Field of Quality Assurance) - бұл педагогикалық ұжымда жан-жақты талқылау негізінде жоғары басшылық ресми түрде бекіткен сапа саласындағы ұйымның негізгі бағыттары мен мақсаттары. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат ұйымның даму бағыттарын белгілейді.

Осы құжатта ЖОО-ның өзінің барлық мүдделі тараптарына (тұтынушыларға, қызметкерлерге, жұмыс берушілерге, жалпы қоғамға және т.б.) қатысты болатын негізгі басымдықтары мен құндылық бағдарлары айқындалады.

Бұл саясат «Bolashaq» Академиясының барлық тұтынушылары үшін бағдар болуға арналған және сапа менеджменті жүйесінің негізгі құжаты болып табылады.

«Bolashaq» академиясы Кредиттік оқыту технологиясы бойынша жоғары базалық білім (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, докторантура) бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады, оның негізгі міндеті білім алушылардың оқу процесін регламенттеу және кредиттер түрінде білім көлемін есепке алу шеңберінде білім беру траекториясын таңдау негізінде өзін-өзі ұйымдастыру және өз бетінше білім алу қабілеттерін дамыту болып табылады.

Осы құжат «Bolashaq» академиясында сапаны қамтамасыз ету саласындағы жұмысты ұйымдастыруға және мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы құжат білім беру процесінің негізгі міндеттерін, тәртібі мен ұйымдастырылуын анықтайды.

### 1. Академия миссиясы


«Bolashaq» академиясының миссиясы - Өз түлектерінің біліктілігін, бәсекеге қабілеттілігін, ұтқырлығын, әлеуметтік бағдарлануын және кәсіби қызметте инновациялық технологияларды қолдана білуін қамтамасыз ететін сапалы білім беруді ұйымдастыру.

**Пайымдалуы** «Bolashaq» академиясы ЖМ-жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік бағдарланған мамандарды даярлауды жүзеге асыратын, инфрақұрылымы дамыған өңірлік жоғары оқу орны.

### 2. Стратегиялық мақсаттар

**Мақсаты:** «Bolashaq» академиясын Қарағанды облысының және Қазақстан Республикасының экономикасы мен әлеуметтік саласы үшін жоғары білікті кадрларды, саналы азаматтар мен жас зерттеушілерді



 <b>BOLASHAQ</b> ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> <b>Сапаны қамтамасыз ету саласындағы</b> <b>саясат</b>	СМЖ СҚС-2021 Нұсқа 01 4 беттен 13 беті
--	---	--

даярлауды жүзеге асыратын орталық Қазақстанның жетекші, бәсекеге қабілетті жоғары оқу орындарының бірі ретінде қалыптастыру.


Академия белгілеген мақсат қызметті жоспарлаудың бастапқы нүктесі болып табылады, ұйымдастырушылық қатынастарды құрудың негізінде тұрады, ынталандыру жүйесінің негізі болып табылады, профессор-оқытушылар құрамының, құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің және тұтастай ЖОО-ның еңбек нәтижелерін бақылау және бағалау процесінде есептеу нүктесі қызметін атқарады.

Негізгі мақсатқа жету үшін «Bolashaq» академиясы келесі салаларда мақсаттар қояды: оқу-әдістемелік қызмет, ғылыми қызмет, тәрбие жұмысы, қызметкерлердің қажеттіліктері мен әл-ауқаты, әлеуметтік жауапкершілік, басқарушылық қызмет, қаржылық қызмет, шаруашылық қызмет, маркетингтік қызмет.

Миссияда тұжырымдалған негізгі мақсатқа қол жеткізуде Академия дамудың мынадай стратегиялық бағыттарына сүйенеді:

- оқу процесін ғылыми, өндірістік қызметпен интеграциялау арқылы білім беру қызметтері нарығындағы сенімді серіктес ретіндегі ұстанымын нығайту, академияның оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын жетілдіру, ЖОО сапа менеджменті жүйесін дамыту;
- қоғамның заманауи қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары білікті түлектерді кешенді даярлау арқылы білім беру және ғылыми-зерттеу қызметтері нарығында академияның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді, инновациялық қызметті дамыту және тереңдету;
- ПОҚ білімі мен жетістіктерін танымал ету үшін Thomson Reuters, Scopus және РФДИ жүйелерінде индекстелетін журналдарда өкілдік ететін ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың жарияланымдық белсенділігін арттыру, іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелерінің дәйексөз болу көрсеткіштерінде академияның үлесін ұлғайту;
- ұйымдармен, жетекші академиялық және білім беру мекемелерімен және орталықтармен өнімді байланыстар жасау;
- білім алушылардың көшбасшылық рухын, бәсекелестік ортада өмір сүру және жеңіске жету қабілетін қалыптастыру.
- корпоративтік мәдениетті енгізу және дамыту және ЖОО-ның қоғамдағы өкілетті имиджін қалыптастыру;
- Академия қызметкерлері мен білім алушыларын материалдық және моральдық ынталандыру, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру негізінде оқытушылар мен қызметкерлердің ЖОО-дағы жұмысына қанағаттану дәрежесін арттыру;



 <b>BOLASHAQ</b> ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> <b>Сапаны қамтамасыз ету саласындағы</b> <b>саясат</b>	СМЖ СҚсС-2021 Нұсқа 01 5 беттен 13 беті
---	---	---

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және академиялық адалдық стандарттарын сақтау және сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген нысандарына төзбеушілік таныту;
- мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- білім беру процесіне қатысушылардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен көріністерін болдырмайтын құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес әрекет етуге тұрақты міндеттемесі болуы;
- еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру.

### **3. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі**

Білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында Академияда еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі құрылды, оған мыналар кіреді:

1. Білім беру сапасы саласындағы саясат;
2. Оқытудың барлық бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
3. Профессор-оқытушылар құрамы;
3. Студентке орталықтанған оқыту;
4. Талапкерлерді қабылдау ережелері, үлгерімі, сертификаттау;
6. Білім алушыларды қолдау жүйесі;
7. Ақпаратты басқару;
8. Жұртшылықты ақпараттандыру.


### **4. Білім беру сапасы саласындағы саясат**

Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қағидаттарды, тетіктерді қамтиды. Сонымен қатар, ол білім беру сапасын қамтамасыз ету мәдениетіне де әсер етеді.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат жалпы академия саясатының бір бөлігі болып табылады, академия миссиясы негізінде әзірленеді және білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы барлық оқытушылар құрамы үшін басшылық қызметін атқарады.

Сонымен қатар осы саясатты іске асыру кезінде академия бірінші кезекте білім беруді жақсартуға және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сапаны қамтамасыз ету стандарттарын ұстанады. «Білім туралы» Заң, стандарттар, академиялық саясат өзгерген



 <b>BOLASHAQ</b> ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> <b>Сапаны қамтамасыз ету саласындағы</b> <b>саясат</b>	СМЖ СҚсС-2021 Нұсқа 01 6 беттен 13 беті
---	---	---

жағдайда білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат қайта қаралуы мүмкін. Академия ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге және оларды жетілдіруге міндеттенеді және толық жауапты болады.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың міндеттері:

- академия жоғары білім, білім беру бағдарламалары мен білім алушылардың талаптарына сәйкес келетін білім сапасын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

- студенттерге орталықтанған оқыту;

- білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру;

- стратегияның, саясаттың бірлігі, барлық қызметкерлерді сапаны қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі қызметке тарту;

- барлық мүдделі тұлғаларды: білім алушыларды, олардың ата-аналарын, жұмыс берушілерді, құрылтайшыларды, академия қызметкерлерін, қоғамдық ұйымдарды білім беру сапасын қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі қызметке тарту;

- саясат талаптарын бұлжытпай орындау, сыбайлас жемқорлықтың, арнамысы мен абыройын қорлаудың кез келген көріністеріне төзбеушілік таныту, білім алушыларға қатысты әділдікті қамтамасыз ету;

- барлық қоғам үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- студенттер мен оқытушылардың өзін-өзі жүзеге асыру идеясын қолдау;

- студенттік өмірдің мәдени, спорттық, еңбек салаларын арттыру үшін оқу сабақтарының әлеуетін пайдалану;

- білім беру сапасын және тиімділік көрсеткіштерін мониторингтеу және талдау арқылы оқытудың барлық деңгейлерінде білім беру сапасының белгіленген мемлекеттік, халықаралық, кәсіптік және әлеуметтік стандарттарға сәйкестік дәрежесін айқындау;

- академияның ПОҚ-пен ен оқу-көмекші персоналын конкурстық іріктеу рәсімін жетілдіру;

- біліктілікті арттыру, кәсіби шеберлік және мансаптық өсу үшін жағдай жасау, ол үшін әрбір оқытушы мен қызметкердің еңбегін бағалау және ынталандыру жүйесін белсенді қолдану.

Академияда білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия құрылады. Комиссия өзінің функционалдық міндеттері бойынша материалдарды қарайды және мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды:


- білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асырылуын бағалау;

- білім сапасын бағалау саясаты туралы;

- білім беру сапасына қатысты басқа да мәселелер бойынша.

Комиссия студенттер арасында білім беру бағдарламаларының сапасына сәйкестігі, академиялық адалдықты бұзу фактілері және сыбайлас



 <b>BOLASHAQ</b> ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> <b>Сапаны қамтамасыз ету саласындағы</b> <b>саясат</b>	СМЖ СҚсС-2021 Нұсқа 01 7 беттен 13 беті
--	---	---

жемқорлық көріністерінің болуы тұрғысынан сауалнама ұйымдастырады және жүргізеді. Комиссия құрамы кафедралармен келісім бойынша құрылады және оған оқытушылар, студенттер, магистранттар кіруі мүмкін.

## **5. Ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары**

### **5.1. Оқытудың барлық бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу**

Білім беру бағдарламасы білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені болып табылады және ҚР БҒМ талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушылар мен жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен нәтижелерін ескереді.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны білімнің жалпы деңгейінің талаптарына, кәсіби және әлеуметтік қызмет үшін құзыреттіліктің толық жиынтығына, сондай-ақ сыни ойлау, креативтілік, бірнеше тілді меңгеру және т. б. қосымша құзыреттіліктерге сәйкес келеді. Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету маңызды шарт болып табылады, ол академия белгілеген келесі рәсімдермен қамтамасыз етіледі:

- Академияның білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қойылатын талаптар;
- білім беру бағдарламалары мазмұнының білім туралы Заңға, Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына, кәсіби стандарттарға, академияның миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі;
- икемді бағдарламалар мен білім беру траекторияларын енгізу арқылы жұмыс берушілер мен мамандар тарапында бағдарламалар мазмұнын әзірлеуге қатысу, пәндерді таңдау еркіндігі, жеке оқу жоспарын құруда дербестік таныту;
- оқыту нәтижелерін, практикада қолданылатын білім мен дағдыларды айқындайтын Дублин дескрипторларына сәйкес модульдік принцип бойынша білім беру бағдарламаларын құру кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету;
- оқытушылар мен білім алушыларды қажетті ресурстармен: оқу-әдістемелік материалдармен, техникалық жарактандырылған кабинеттермен, аудиториялармен, кітапхана қорының кітап және цифрлық форматтағы қолжетімділігімен қамтамасыз ету;
- оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларында негізгі талаптардың болуы, жалпы білім беру циклі пәндерінің логикалық реттілігі;
- элективті пәндер каталогын және оларды пре - және постреквизит жағдайында игеру өлшемдерін әзірлеу.;
- ECTS Кредиттік оқыту жүйесіне сәйкес, соның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру үшін білім алушылар мен оқытушылардың оқу жүктемесін анықтау және есепке алу;
- білім беру бағдарламаларының сапасына сараптама жүргізу.

### **5.2. Профессор-оқытушылар құрамы**





Профессорлық-оқытушылық құрам білім беру қызметінің басты ресурсы болып табылады, ол арқылы білім алушылардың сапалы білім алуы, білім, білік, дағды және құзыреттілігі қамтамасыз етіледі. Академия кадр саясатын жүргізеді, оның негізгі элементтері:

- нақты, ашық және әділ жалдау процестерін белгілеу, жұмыс шарттары және олардың біліктілігін арттыру, лауазымға тағайындау, бос лауазымдарға орналастыру, қызмет бойынша жоғарылату, жұмыстан шығару;

- академия ПОҚ-ты білім беру қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс жағдайларымен қамтамасыз етуге міндеттенеді;

- кадрлық басқарудың бірыңғай тәсілдерін, әдістері мен құралдарын қамтамасыз етеді;

- студенттердің орталықтандырылған оқытудағы рөліне сәйкес оқытушылардың әлеуетін дамыту;

- ғылыми алаңдарда позициялар беруге, оның ішінде ғылыми конференциялар мен конкурстарға, ғылыми журналдардағы жарияланымдарға қатысуға жәрдемдесу;

- жоғары педагогикалық шеберлігі, ғылыми нәтижелері мен ісіне берілгендігі, сапа мәдениетін дамытқаны үшін оқытушылар мен қызметкерлерді ынталандыру тетіктері болуы.

Профессорлық-оқытушылық құрам білім алушылардың өміріне тікелей қатысады, сол себепті оқытушы тек кәсіби салада білімге ие болып қана қоймай, сонымен қатар білім алушыларды тұлғалық дамуға ынталандыруы және әлем көрінісін, азаматтық-құқықтық позицияны, адамгершілік-этикалық қағидаттарды қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. Біліктілік деңгейі төмен, Академияның этикалық нормалары, Жарғысы мен қағидалары бұзылған кезде қызметкер белгіленген қағидаларға сәйкес оқытушылық қызметтен шеттетіледі. Академия ПОҚ-ты жалақының лайықты деңгейімен қамтамасыз етеді, оқытушылардың оқытушылық, баспа және ғылыми қызметтегі жетістіктерін ынталандыру үшін жағдай жасайды.

### 5.3. Студентке бағытталған, білім беру, оқыту және бағалау

«Bolashaq» академиясы оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуден, білім алушылардың оқу процесіне ынтасы мен қызығушылығын арттырудан, стандарттың келесі ережелеріне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың объективтілігі мен ашықтығынан тұратын студентке орталықтанған оқыту қағидатын енгізуге көп көңіл бөледі:

ЖОО-ның білім беру қызметі әртүрлі санаттағы білім алушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған академиялық саясатқа: толық жұмыс күні, ішінара немесе толық жұмыс істейтін (қашықтықтан оқыту), мүмкіндіктері шектеулі (физикалық) білім алушыларға Академия ректоры



ақылы негізде бөлетін грант бойынша негізделеді;

-академия маңызды рөл атқаратын студентке орталықтанған оқытуды ынталандыруды және оқу процесіне белсенді қатысуды ынталандыруды, оның ішінде материалдық ынталандыру және қолдау жүйесін енгізуді қамтамасыз етеді;

-академия жүйелі түрде білім алушылардың білім сапасына мониторинг жүргізеді, оның нәтижелері бойынша оқу процесін, оқыту әдістерін, білім беру бағдарламалары мен бағалау құралдарының мазмұнын жетілдіру бойынша шаралар қолдану туралы қорытынды жасалады.

Академия білім алушыларды дербес режимде дамытуды да назардан тыс қалдырмайды, ол үшін келесі шарттарды қолданады:

-білім алушыларға оқытудың мақсаттары мен күтілетін нәтижелері түсінікті болуы тиіс;

- білім алушыларды білім беру сапасының барлық салаларына тарту;

-оқытудың белсенді әдістерін енгізу;

- өзіндік жұмыстың рөліне көп көңіл бөлу;

-студенттік өзін-өзі басқару рөлін күшейту.

Студентке орталықтанған оқыту мен білім беруді жүзеге асыру үшін қолданылатын процестер мен механизмдер:

-академияның оқытушылары мен басқа да қызметкерлері тарапынан білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет көрсету және назар аудару;

- білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара сыйластықты нығайту;

-оқыту процесін оқытудың әр түрлі формаларын қолдана отырып жетілдіру ;

-білім беру әдістері мен педагогикалық әдістерге үнемі бейімдеу және бағалау.;

-оқытушы, эдвайзер тарапынан бір мезгілде басшылық пен қолдау көрсете отырып, дербестік сезімін ынталандыру;

-педагогикалық әдістерді бағалау және түзету ашық сабақтарды ұйымдастыру, сабақтарға өзара қатысу, білім алушылар арасында сауалнама жүргізу, оқу-әдістемелік секция отырыстары аясында жүргізіледі;


-ЖОО саясатын, академиялық реттеуді түсіндіретін құжаттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету □ ;

-түрлі жетекшіліктермен қамтамасыз ету (анықтамалық-жолсілтеме, білім беру бағдарламалары туралы ақпарат, академиялық ұтқырлық);

- эдвайзерлердің бүкіл оқу кезеңі бойы оқу және әлеуметтік мәселелерде білім алушыларға көмек көрсетуі.

Оқу үлгерімін бағалау білім алушылар үшін, ал болашақта олардың мансаптық өсуі үшін өте маңызды екенін назарға ала отырып, академия білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қағидалары мен өлшемшарттарын



 <b>BOLASHAQ</b> ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> <b>Сапаны қамтамасыз ету саласындағы</b> <b>саясат</b>	СМЖ СҚС-2021 Нұсқа 01 10 беттен 13 беті
--	---	---

әзірледі. Бағалау барлық білім алушыларға қатысты және академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау қағидаларына сәйкес объективті түрде жүргізіледі:

- оқуға ниет білдіруші еркін қолжетімділікте оқыту нәтижелерін бағалау қағидаларымен, регламентімен, талаптарымен таныса алады;
- бағалау нәтижелері Платонус жүйесінде тіркеледі және білім алушылар үшін қолжетімді болады;
- оқу үлгерімі мәселелері бойынша кері байланыс жүйесі қарастырылған;
- білімді бағалаудың кез келген түрі үшін нәтижелерді апелляциялаудың ресми рәсімі қарастырылған.

Академияда жеңілдететін жағдайларды есепке алудың пысықталған жүйесі бар (медициналық анықтама, басқа аймаққа жолға шығу арқылы студенттік конференцияларға қатысу және т.б.). Студент жоғарыда аталған жүйеге сәйкес осы жеңілдететін жағдайларды қолдана алады. Оқу үрдісімен байланысты проблемалардың алдын алу үшін бөлімше басшылары, эдвайзерлер және ПОҚ оларды шешуге бағытталған іс-қимылдарды: студенттердің ағымдағы рейтингісін жүйелі бақылауды; студенттердің тұлғааралық қарым - қатынастары проблемаларын уақтылы шешуді; проблемалық студенттердің ата-аналарымен хат алмасу және кездесулерді; кафедра отырыстарында осы мәселелерді талқылауды жүзеге асырады.

#### **5.4. Білім алушыларды қабылдау, үлгерім және сертификаттау**


Білім алушыларды қабылдау, үлгерім және сертификаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің талаптарына және Академияның бекітілген қағидаларына, стандарттың негізгі ережелеріне сәйкес жүргізіледі:

- білім алушыларды оқытудың барлық кезеңі үшін бірдей ережелердің болуы және қолданылуы: қабылдау, оқыту, бағалау, курстан курсқа ауыстыру, дәрежені тану және алу және бітірушілердің құжаттарын ресімдеу;
- студенттердің контингенті мен үлгерімі туралы ақпарат негізіндегі іс-шаралардың, мониторингтің, және кейінгі әрекеттер үшін жинау құралдарының болуы;
- академиялық ұтқырлық барысында игерілген кредиттерді іс жүзінде танып білу және есепке алу рәсімдерінің болуы;
- ресми емес және бейресми оқытуды танып білуді қоса алғанда, жоғары білім беру біліктіліктерін, оқыту кезеңдерін және алдыңғы оқытуды танып білу рәсімінің болуы.

Академия жыл сайын қабылдау комиссиясының жұмыс жоспарын әзірлейді және бекітеді, оның мақсаты білім алушыларды білім берудің барлық деңгейлері мен білім беру бағдарламаларына қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады. Жұмыс жоспарының негізгі міндеттері:

- талапкерлерді тарту үшін кәсіптік бағдар беру жұмысының



 <p>BOLASHAQ ACADEMY</p> <p>«Bolashaq» Академиясы</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат</p>	<p>СМЖ СҚсС-2021 Нұсқа 01 11 беттен 13 беті</p>
--	---	---

қолданыстағы нысандарын жетілдіру ;

- ағымдағы сұраныстар мен еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, даярлаудың негізгі бағыттары бойынша ұстанымдарды нығайту және кеңейту;

- қабылдауға байланысты талапкерлердің кез келген санатын қамту үшін ақпараттық орта құру.

Талапкерлерді қабылдау білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік режелеріне және академияға қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Қабылдау талаптары мен рәсімдері Академия сайтында талапкерлерге, оның қызметкерлеріне, үгітшілерге хабарланады.

Ішкі нормативтік құжаттар оқу процесін, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру, академиялық ұтқырлықты жүргізуді ұйымдастыру, ғылыми - зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы негізгі ережелерді, игерілген кредиттерді қайта есептеу қағидаларын айқындайды.

Жұмыстың барлық кезеңдерінде білім алушылардың контингенті мен үлгерімі, білім беру бағдарламаларына тартылуы мен қанағаттануы жөніндегі ақпарат негізінде жинауға, мониторингтеуге және кейінгі өзгерістерге арналған рәсімдер мен құралдар енгізілді.

Ағымдағы үлгерім нәтижелерін жинау және бақылау мыналарды қамтиды:

-аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін жинау және мониторингілеу;

-GPA деңгейін есептеу;

-білім алушылар контингентін қалыптастырудың статистикалық көрсеткіштері;

-курс және білім беру бағдарламалары бөлінісінде білім алушылар контингенті бойынша статистикалық көрсеткіштер.;

-оқу деңгейлері (бакалавриат, магистратура)бойынша білім беру бағдарламалары бөлінісінде білім алушыларды бітіруге жеткізудің статистикалық көрсеткіштері;

-түлектердің жұмысқа орналасуы мен мансаптық өсу нәтижелерін жинау және мониторинг өткізу.

Жоғары білім беру біліктіліктерін, оқу кезеңдерін және алдыңғы білім беруді объективті тануды қамтамасыз ету үшін академия Болон процесінің қағидаттарына сәйкес басқа оқу орындарында алған академиялық ұтқырлық бағдарламаларын және оқу жетістіктерін тану рәсімдерін іске асырады.

Оқытуды табысты аяқтаған және кредиттердің белгілі бір көлемін игерген кезде білім алушыға мынадай критерийлерге сәйкес тиісті дәреже беріледі:

-бакалавр дәрежесін алу үшін кемінде 240 академиялық кредитті игеру қажет;





- магистратураның ғылыми-педагогикалық бағытында магистр дәрежесін алу үшін кемінде 120 академиялық кредитті игеру қажет;

- магистратураның бейіндік бағытында магистр дәрежесін алу үшін кемінде 60 академиялық кредитті игеру қажет.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыларға тиісті дәреже беріледі және қосымшасы бар жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы диплом беріледі.

### 5.5. Білім алушыларды қолдау жүйесі

Тиімді оқу процесі үшін академия студенттерге стандарттың келесі ережелеріне сүйене отырып, оқуға қолдау көрсету және көмек көрсету үшін барлық қажетті оқу ресурстарын ұсынады:

-ЖОО-ның ресурстық қамтамасыз етілуі мәлімделген миссияға, мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, білім алушылар мен оқытушылар үшін ЖОО-ның ақпараттық алаңдарында қолжетімді;

-ЖОО-ның қаржылық стратегиясы Академияның стратегиялық жоспарына сәйкес келеді және оның қызметін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етеді;

-ЖОО-ның білім алушыларды қолдауды қамтамасыз ететін, үлгерімді жақсартуға және социумдағы тіршілік әрекеті дағдыларын дамытуға, толерантты мінез-құлықты тәрбиелеуге ықпал ететін құрылымдары бар.

Білім беру сапасының стандарттарына сәйкес академия:

-кітапхана, компьютерлік база, аудиториялар, компьютерлік сыныптар, техникалық оқыту құралдары, асханалар және т. б. барлық материалдық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.;

-оқу ақысына білім алушылардан алынған қаражатты үнемді, ашық жұмсайды;

-адамдық ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді: эдвайзерлер, оқытушылар, әкімшілік қызметкерлері, академия басшылары;

- білім беру ресурстарына және білім алушыларды қолдау жүйесінің басқа да тетіктеріне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

- білім алушыларға өз пікірін айтуға және Академияның түрлі қоғамдық құрылымдарының құрамына кіру арқылы оқытуды ұйымдастыру процестеріне қатысуға мүмкіндік береді және студенттік өзін-өзі басқаруды дамытады.

Сапаға қатысты ақпараттандыру жүйелері мыналарды қамтиды:

-үлгерім деңгейі, оқудан шығарылғандардың үлесі;

-білім алушылардың білім беру бағдарламаларына қанағаттануы;

-қызметкерлердің, профессорлық-оқытушылық құрамның жұмыс жағдайларына, басқару жүйесіне, ресурстарға қанағаттанушылығы;



- оқытудың тиімділігі;
- оқушылар құрамы, контингенті;
- оқу ресурстарының қолжетімділігі және құны;
- түлектерді жұмысқа орналастыру, олармен байланыс, мансап мониторингі;
- Академия қызметінің негізгі көрсеткіштері.

Жоғары оқу орындарының әртүрлі рейтингтеріне үнемі қатысу, академияны басқа жоғары оқу орындарымен салыстыру да маңызды рөл атқарады. Бұл академияға интроспекция деңгейін арттыруға және өз қызметін жетілдірудің жаңа әдістерін табуға мүмкіндік береді.

### 5.7. Жұртшылықты ақпараттандыру

- Академия ақпараттар бойынша ашық, бұл мынадай түрде көрінеді:
- академияға түсу тәртібі мен дайындығы туралы материалдарды сайтқа орналастыру;
  - білім беру бағдарламалары, Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы, материалдық және әдістемелік қамтамасыз етілуі, жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ақпарат ұсынады;
  - оқудан тыс қызмет және білім алушылардың ағымдағы өмірі туралы ақпарат беру;
  - оқу жоспарларын, оқу пәндерінің бағдарламаларын, оқу-әдістемелік материалдарды сайтқа орналастыру.